

8.04.2014

## **Сарыарқа тарихын сақтаған мұрағат**

**А.ҚОЖАХМЕТ,  
облыстық мемлекеттік мұрағатының мұрағатшысы.**

1934 жылы 10 ақпанда Қарағандыға қала мәртебесі беріліп, 1936 жылы облыс орталығына айналды. Содан бері облыс тарихы мемлекеттік мұрағатта сақтаулы екені баршаға аян. Ендеше, шаһардың 80 жылдығы аталып өтер кезеңде облыстың өткенін сары майдай сақтап отырған мұрағат тарихына және мұрағат ісі жөнінде айтудың сәті түсіп отыр.

Облыстық мұрағаттық басқарма Қарағанды облыстық атқару комитеті Төралқасының қаулысымен 1937 жылдың 19 желтоқсанында құрылған. 1939 жылдан мұрағат бөлімі Ішкі істер министрлігін басқару комитетіне бағынып, 1960 жылы мұрағат бөлімі Қарағанды облыстық атқару комитеті қарамағына қайта көшірілді. Бұдан кейін облыстық мұрағаттар және құжаттама бөлімі Қарағанды облысы әкімдігіне, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының мәдениет, ақпарат және мұрағаттар Комитетіне бағынады.

Мұрағат – тарихи-деректік құжаттар қоймасы. Онда ата-бабаларымыздың әулеттік шежіресі, әр кезеңдегі тарихи оқиғалар, дипломатиялық қарым-қатынастар, қоғамның саяси-әлеуметтік, экономикалық бағыттары жөнінде құнды құжаттар сақталады. Сондықтан, мекемелер мен кәсіпорындарда, оқу орындарында іс-қағаздар, бекітілген номенклатура негізінде ұқыпты, нақтылы, дәлелді, мазмұнды жазылып, болған іс-шараны ешқандай қоспасыз көрсету шарт. Әр жыл соңында мекемелердегі іс-қағаздар бекітілген сараптау комиссиясының шешімімен құжаттарды сараптау, жүйелеу негізінде сол мекеменің ведомстволық мұрағатына өткізіледі.

Қазір қоғам үшін мұрағаттың маңызы артып келеді. Әсіресе, Үкімет үшін, ең алдымен ол – заң шығару ісі, әкімшілік-аумақтық бөлу, жер шекаралары, өнеркәсіптер, ұйымдар, мекемелердің тарихы жөнінде мәселелер, мүлік мәселелері. Мұрағат қызметінің құрамында ғылым өкілдері,

зерттеушілер, өнер саласының қауымы қызмет атқарады. Мұрағат қызметінің мамандары облыс өміріндегі айтулы оқиғалар мен айрықша мәнді күндерге байланысты құжаттық мәліметтерді қолданушылардың сұрауы бойынша құжаттар ұсынып, олардың көшірмесін дайындауды қамтамасыз етеді. Тарихты зерттеп, білу үшін мұрағат құжаттарына сүйенеміз. Құжаттарды тиімді пайдалану арқылы тарихтың «ақтаңдақ» беттерін ашуға мүмкіндік туады. Тарихи зерттеулер мұрағат құжаттары негізінде жинақталып жазылатындықтан, бұл мәселе маңызын жоймақ емес. Бүгінгі таңда Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағаты және көмір саласының жеке құрамы бойынша филиалында мемлекеттік сақтауда бір мың 700-ден аса қор, 733 мың 141 бірлік сақтаулы. Сондай-ақ, 17 мыңға жуық кинофонофото құжаттары, 5 мың 127-ден аса жеке қор құжаттары бар. Бүгінде мұнда облыстың кез келген саласына қатысты мәліметтер тізімі жалпы алғанда 700 мыңнан аса құжат сақталған. Және 13 мыңнан астам бірегей фотоқұжат бар.

Анықтамалық бөлім мұрағатшылары әлеуметтік-құқықтық тұрғыдағы сұраныстарды орындайды. Жыл сайын тұрғынүйді жекешелендіру, мүліктік, мұралық құқықты, жұмыс өтілі мен еңбекақыны, растау мәселелері бойынша 8 мыңнан аса сұраным орындалады. Елбасы Н.Назарбаевтың бүгінгі саясаты тарихи құндылықтарды қоғамның қозғаушы күші, болашағымыздың барлаушысы ретінде ұрпақ бойына сіңірумен үндесіп жатыр. Мұрағатта ұйымдастырылған әрбір көрменің тәлімдік, тағылымдық жағын былай қойғанда, онда жинақталған құжаттарды іздеп-табу, олардың дұрыс үйлесуін ескеру қыруар күш-жігерді талап етеді. Жыл өткен сайын қалалық Мемлекеттік мұрағаттың толықтыру көздері саналатын мекемелер, кәсіпорындар мен ұйымдардың да қатары өсіп келеді. Мемлекеттік мұрағат ел аймақтарынан, шет мемлекеттерден түсетін әлеуметтік-құқықтық сипаттағы сұраныстарды орындауға әрқашан мүдделілікпен қарайды. Мұрағатшылар бұл жұмысқа жауапкершілікпен кірісіп, бүгінде қорларды топтастыру мен жасақтау саласында айтарлықтай тәжірибеге қол жеткізіп отыр.

«Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» ҚР Заңының 15 жылдығына арналған байқау Астанада 2013 жылдың наурызында өтті. Оған Қарағанды облысының мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама мұрағатының «Жастар - NTD» және Жезқазған қаласынан «Абыздар мекені», Астанадан «Елорда тарландары», Солтүстік Қазақстан облысынан «Қызылжар», Ақмола облысынан «Оқжетпес», Қарағанды облысынан «Сарыарқа» болып түпкір-түпкірдегі мемлекеттік мұрағаттардан түрлі топтар қатысты. Осы байқауда Қарағанды облысының мемлекеттік мұрағаты

мұрағатшыларының қанжығасы майланып, мерейі үстем шықты. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демей ме? Қарағанды мемлекеттік мұрағатының директоры Жаңагүл Тұрсынова бастап барған Махнура Мамиева, Мөлдір Есжанова, Ирина Модычева сынды қыздарымыз білім, біліктерінің арқасында аламанда ат оздырды. Бұл – біздің облыс мұрағаты қызметінің жоғары деңгейде екенін көрсетсе керек. Сондай-ақ, мұрағатта атаулы күндерге арналып дөңгелек үстелдер, кеңес-семинарлар, жиналыстар, конференциялар өткізіліп тұрады.

Қарағанды облысы мұрағат мекемесінің ұжымы өздеріне жүктелген мемлекетіміздің деректі тарихын сақтауда маңызды міндеттерін жауапкершілікпен атқаруда. Бұл – болашақ ұрпақ үшін аса маңызды.